



Ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өндеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру обьектілерінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 31 наурыздағы № 172 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 20245 болып тіркелді.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 10-24) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылымдық министрінің 05.02.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырылған Ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өндеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру обьектілерінің жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылымдық және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндетін атқарушы

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

**Ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өндеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу қағидалары**

**Ескеरту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылым министрінің 05.02.2024 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекмен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өндеу, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-2-бабының 10-24) тармақшасына сәйкес әзірленді және:

тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінде ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өндеу;

тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінен электрондық нысанда ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтау;

тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) коммуналдық қызметтер – қауіпсіз және жайлы өмір сүру (болу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, су бүруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты шығаруды, лифтілерге қызмет көрсетуді қамтитын тұтынушыға көрсетілетін қызметтер;

2) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ТКШ ақпараттандыру объектілері) – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар және ақпараттық жүйелер;

3) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық нысандағы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы) – бұл тұрғын үй қорын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты талдау және тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік

реттеуді жүзеге асыру үшін ТКШ ақпараттандыру обьектілерінен ақпаратты шоғырландыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттік ақпараттық жүйе;

4) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру субъектілері (бұдан әрі – ТКШ ақпараттандыру субъектілері) — уәкілетті орган, жергілікті атқарушы органдар, табиғи монополиялар субъектілері, мұліктің меншік иелері бірлестіктері, жай серіктестіктер, көппәтерлі тұрғын үйді басқарушылар, басқарушы компаниялар, сервистік қызмет субъектілері, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері және тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзге де субъектілер;

5) уәкілетті орган – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## **2-тарау. ТКШ ақпараттандыру обьектілерінде электрондық нысанда ақпаратты қалыптастыру, өндөу тәртібі**

3. Электрондық нысанда ақпаратты қалыптастыру, өндөу мақсатында ТКШ ақпараттандыру обьектілері ТКШ ақпараттандыру субъектілері арасында өз құзыretі шенберінде процестерді автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

4. Құрылатын және (немесе) дамытылатын ТКШ ақпараттандыру обьектілері дамытылатын ТКШ ақпараттандыру субъектісінің құзыretіне және ТКШ ақпараттандыру обьектісінің функционалдық мүмкіндіктеріне қарай ақпаратты енгізуі қамтамасыз етеді:

тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй шаруашылығы саласында:

1) көппәтерлі тұрғын үйлерді есепке алу бойынша;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10528 болып тіркелген) Кондоминиум обьектісін басқару және кондоминиум обьектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяу қағидаларының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес мұліктің меншік иелерінің бірлестігі немесе жай серіктестік не көп пәтерлі тұрғын үйді басқарушы, не кондоминиум обьектілерін басқарушы компаниясы, не тікелей бірлесіп басқару кезінде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің бір өкілі толтыратын көппәтерлі тұрғын үй туралы ақпарат;

3) кондоминиум обьектісін күрделі жөндеуге пәтерлер және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жарналарын есепке алу туралы;

4) көппәтерлі тұрғын үйлердің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяу және жөндеу жөніндегі жоспарлы іс-шаралар туралы;

5) көп пәтерлі тұрғын үйді ұстаяу жөніндегі мұліктің меншік иелерінің бірлестігі немесе жай серіктестік не көп пәтерлі тұрғын үйді басқарушы, не кондоминиум

объектілерін басқарушы компаниясының қызметінің қорытындылары бойынша есептер ;

6) көппәтерлі тұрғын үй пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлары меншік иелерінің жиналыстары, сондай-ақ жиналыс және дауыс беру нәтижелерінің хаттамалары туралы;

7) көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару және күтіп-ұстau бойынша өтінімдерді беру, өндөу және орындау туралы;

8) ТКШ ақпараттандыру субъектілері арасында жасалған шарттар бойынша;

коммуналдық шаруашылық саласында:

9) коммуналдық қызметтерді жеткізушінің паспорты;

10) коммуналдық қызметтерді жеткізушілерді есепке алу туралы;

11) коммуналдық қызметтерді тұтынушылардың жеке шоттары туралы;

12) коммуналдық қызметтерді есепке алуудың үйге ортақ және жеке аспаптарын есепке алу туралы;

13) коммуналдық қызметтерді есепке алу аспаптары көрсеткіштері туралы;

14) есепке алынатын коммуналдық қызметтердің тарифтеу, есептеу, құнын төлеу туралы;

15) коммуналдық инженерлік желілері: жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, көріздік тазарту құрылыштары, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау желілері туралы.

5. ТКШ ақпараттандыру объектілерінде электрондық нысандағы ақпаратты қалыптастыру, өндөу, оның ішінде өзектілендіруді, толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етуді ТКШ ақпараттандыру субъектілері тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заңнамаға сәйкес жеке кабинет арқылы жүзеге асырады.

Мұліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы не көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысы немесе басқарушы компания не тұрғын үй инспекциясы тағайындаған уақытша басқарушы компания есепті кезеңнен кейінгі айдың оныншы күніне дейін пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстau жөніндегі ай сайынғы есепті тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы ұсынады және оны жалпыға қолжетімді орындарда орналастырады.

Ай сайынғы есептер тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінде кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстau жөніндегі қызметтер көрсету туралы шарттың ұлгілік нысанына, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстau жөніндегі ай сайынғы және жылдық есептердің нысандарына сәйкес машинамен оқылатын тұрде толтырылады, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің

міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 164 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20247 болып тіркелген) және кейіннен жергілікті атқарушы органдардың сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін интеграция арқылы орталықтандырылған алым АЖ-ға, сондай-ақ мұлік иелері бірлестігі төрағасының немесе жай серіктестіктің сенім білдірілген тұлғасының не көппәтерлі тұрғын үйді басқарушының немесе басқарушы компанияның не тұрғын үй инспекциясы тағайындаған уақытша басқарушы компанияның талап етуі бойынша пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелеріне беріледі.

ТКШ ақпараттандыру субъектісінің меншігінде және (немесе) иелігінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісі болмаған жағдайда ай сайынғы есептер тіркеу кезінде жеке кабинет арқылы орталықтандырылған түрде жинау АЖ толтырылады.

6. ТКШ ақпараттандыру объектісіне қолжетімділікті оның меншік иесі және (немесе) иесі болып табылатын ТКШ ақпараттандыру субъектісі оның және ТКШ ақпараттандырудың өзге субъектісінің арасында жасалған қол жеткізу құқығына арналған келісімге сәйкес береді.

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері осы Қағидалардың 4-тармағының 2) және 5) тармақшаларында, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй шаруашылығы саласындағы ТКШ ақпараттандыру объектілерінде ақпаратқа қол жеткізу бойынша шығыстарды көтермейді.

7. ТКШ ақпараттандыру субъектілерімен ақпаратты қалыптастыру, өндөу, оның ішінде өзектілендіруді, толықтырын және дұрыстырын қамтамасыз ету тұрақты негізде, электрондық нысанда, оның ішінде электрондық құжаттарды не электрондық нысандағы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып жүзеге асырылады.

Қағаз тасығышта жасалған құжаттар ТКШ ақпараттандыру объектілерінде құжаттардың электрондық көшірмелері нысанында орналастырылады.

8. Осы Қағидалардың 4-тармағының 5) және 6) тармақшалары бойынша ақпарат ТКШ ақпараттандыру объектілерінде оған ТКШ ақпараттандыру субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылғаннан кейін орналастырылады.

9. Дербес деректерді қамтитын ақпаратты өндөуді ТКШ ақпараттандыру субъектісі ақпараттандыру және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнаманың талаптарын қамтамасыз етуді ескере отырып жүзеге асырады.

10. ТКШ ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ТКШ ақпараттандыру субъектісі осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес ТКШ ақпараттандыру объектісінен орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сына ақпаратты беруді қамтамасыз етеді.

### **3-тарау. Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында электрондық нысандағы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтау**

11. Уәкілетті орган өзіне бағынысты ұйымды орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы етіп Әкімшіні айқындайды.

Әкімші тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстардың жұмыс істеуін және қалыптастырылуын әдіснамалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ ТКШ ақпараттандыру объектілерінен алынған электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған түрде жинауды, талдауды және сақтауды, сақтауды және құпиялышты қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

12. Ақпаратты орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында орналастыру мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) жеке кабинет арқылы;

2) ТКШ-ны ақпараттандырудың өзге де объектілерінің орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-мен өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады.

13. Жергілікті атқарушы органдар тұрғын үй қорына түгендеу жүргізеді және осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес орталықтандырылған алым АЖ-да қорытынды мәліметтерді толтыра отырып, жұмыс істеп тұрған көппәтерлі тұрғын үйлерді есепке алуды жүзеге асырады. Орталықтандырылған алым АЖ-дағы қорытынды мәліметтерді жаңарту және раставу кезеңділігі жылына кемінде 1 рет құрайды.

14. ТКШ ақпараттандырудың өзге объектілерінің орталықтандырылған алым АЖ-мен өзара іс-қимылы арқылы ақпарат орналастырылған жағдайда ТКШ ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иесі болып табылатын ТКШ ақпараттандыру субъектісі орталықтандырылған алым АЖ-ға ТКШ ақпараттандыру объектісін тіркеуге және интеграциялауға өтінім (бұдан әрі-өтінім) береді.

15. ТКШ ақпараттандыру субъектілері өтінімде өз функцияларын (құзыреттерін) орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында оларды орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында бар анықтамалықтан таңдау жолымен көрсетеді. Бұл ретте, егер ТКШ ақпараттандыру субъектісі көрсетілген анықтамалықта санамаланған әртүрлі функцияларға жататын қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ТКШ ақпараттандыру субъектісі орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында бірнеше функцияларды көрсетеді.

16. Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сының Әкімшісі 5 жұмыс күні ішінде өтінімді қарайды және өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға өтінімді мақұлдау немесе бас тарту туралы ТКШ ақпараттандыру объектісінің меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ТКШ ақпараттандыру субъектісін хабардар етеді

Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сының Әкімшісі өтінімнен ұсынылған ақпараттың толық болмауы жағдайларында бас тартады.

17. Өтінім макұлданған кезінде орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сының Әкімшісі ТКШ ақпараттандыру обьектісінің меншік иесі және (немесе) иеленушісі болып табылатын ТКШ ақпараттандыру субъектісімен ТКШ ақпараттандыру обьектісін орталықтандырылған түрде жинау АЖ-сымен интеграциялау туралы келісім жасасады және ТКШ ақпараттандыру обьектісін сынақтан өткізеді.

18. ТКШ ақпараттандыру обьектісі немесе орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы мемлекеттік органның "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру обьектілерімен интеграцияланған кезде, интеграциялау Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сындағы ақпаратқа қол жеткізу және ақпаратты орналастыру орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар және коммуналдық қызметтерді жеткізу шілер уәкілетті органмен жасасқан келісімге сәйкес жеке кабинет арқылы жүзеге асырады.

Коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру субъектілерінің меншігінде және (немесе) иелігінде ТКШ ақпараттандыру обьектісі болмаған жағдайда осы Қағидарлардың 4-тармағында 9), 10), 12), 14) және 15) тармақшаларында көрсетілген мәліметтердің есебін орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында келісімге сәйкес тіркелу кезінде жеке кабинет арқылы жүргізеді.

20. ТКШ ақпараттандыру субъектілерінің қол жеткізу құқығы мынадай жағдайларда орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында:

1) уәкілетті органмен жасалған келісімге сәйкес қол жеткізу құқығы берілген мерзім аяқталғанда;

2) қол жеткізу құқықтарын кері қайтарып алу туралы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-да орналастырғанда;

3) ТКШ ақпараттандыру субъектісі атынан орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында іс-қимыл жасауға қол жеткізу құқығы берілген тұлғаның қол жеткізу құқығынан бас тарту туралы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында орналастырғанда;

4) өз атынан өзге тұлғаға орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында іс-қимыл жасауға өкілеттік берген орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ пайдалануышының қол жеткізу құқықтарын тоқтатқанда;

5) тұлғаға қол жеткізу құқығы берілген негізdemelerdі тоқтатқанда немесе олардың жоқ екенін анықтағанда;

6) ТКШ ақпараттандыру субъектісінің өтінімде дұрыс емес мәліметтерді орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сына ұсыну фактісі анықтағанда;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

21. ТКШ ақпараттандыру субъектілері орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сының ашық бөлігіне және тіркеу рәсімдерінен өтпей, онда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізеді.

22. Жүйенің жабық бөлігіне және онда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізу орталықтандырылған алым АЖ-да жұмыс істеуге арналған жеке кабинеттерде функционалдық мүмкіндіктер беру арқылы және (немесе) тіркеу рәсімінен келісім жасасқаннан кейін өзге де ақпарат объектілерін пайдалана отырып қамтамасыз етіледі.

23. Ақпаратты ТКШ ақпараттандыру объектілерінде сақтауды ТКШ ақпараттандыру субъектілері және орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сында уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

24. ТКШ ақпараттандыру субъектілері Қазақстан Республикасының ақпараттандыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сына ақпаратты беруді жүзеге асырады.

25. Уәкілетті орган не Әкімші Қазақстан Республикасының ақпараттандыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, ТКШ ақпараттандыру субъектілері туралы ақпаратты береді оның ішінде ұсынады немесе таратады.

#### **4-тaraу. ТКШ саласында ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеуі**

26. ТКШ ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу сенімділігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету ақпаратты сақтау, өңдеу және беру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар Қазақстан Республикасының ақпараттандыру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында колданыстағы стандарттарға сәйкес жүргізіледі.

27. Пәтер, тұрғын емес үй-жай меншік иесінің дауыс беруі пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иесі сәйкестендіріле отырып, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер пайдаланылып жүзеге асырылады.

Электрондық дауыс беру қорытындысы тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы тіркеледі.

Дауыс беру қорытындысын шығару кезінде келу тәртібімен өткізілетін жиналыста және тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісі арқылы, жазбаша сұрау жүргізу жолымен және тұрғын үй

қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектісі арқылы пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері берген дауыстар есепке алынады.

Электрондық құжат қалыптастырылған кезде жиналыс хаттамаларын сақтау "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

28. Тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй қоры саласындағы ақпараттандыру объектісі электрондық құжаттағы, оның ішінде қағаз жеткізгіште басып шығарылған электрондық цифрлық қолтаңбаны тексеруді қамтамасыз ету үшін ақпараттық ресурсқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

29. ТКШ ақпараттандыру объектілері коммуналдық қызметтерді тұтынушылардан өтініштерді қабылдауды және коммуналдық қызметтерді жеткізушилерге орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сымен интеграциялау жолымен беру функциясымен қамтамасыз етіледі.

30. Ақпаратты ТКШ ақпараттандыру объектісінде жеке кабинет арқылы орналастырған ТКШ ақпараттандыру субъектісі ақпараттың келіп түскен және берілген күнін белгілей отырып, ақпараттың орналастырылғанын растау туралы автоматты түрде хабарлама алады.

31. ТКШ ақпараттандыру объектілерінде функционалды пайдалану ТКШ ақпараттандыру субъектілеріне берілген қол жеткізу құқығына сәйкес жүзеге асырылады.

32. Орталықтандырылған түрде жинау АЖ уәкілетті органмен жасалған келісімге сәйкес интеграция арқылы ТКШ ақпараттандыру объектілеріне ақпарат береді.

33. ТКШ ақпараттандыру объектілері үздіксіз режимде жұмыс істеумен қамтамасыз етіледі.

34. Уәкілетті орган және ақпараттандыру объектісінің меншік иесі немесе иеленушісі:

1) ТКШ ақпараттандыру объектілерінің үздіксіз жыл бойы және тәулік бойы жұмыс істеуін;

2) ТКШ ақпараттандыру объектілерінің жұмысы іsten шыққан жағдайда олардың жұмысқа қабілеттілігін тез (бір сағаттан артық емес) қалпына келтіруді;

3) орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ бағдарламалық-аппараттық кешенінің қолжетімділігін және жабдықты пайдаланудың ағымдағы жай-күйін үздіксіз қадағалауға мүмкіндік беретін ТКШ ақпараттандыру объектілері мен орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы оқиғаларының және ағымдағы жай-күйінің мониторингін тұрақты жүргізуі, сондай-ақ орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы жұмысының істен шығуы туралы ТКШ ақпараттандыру объектілерінің меншік иелеріне және (немесе) иелеріне деруу хабарлама қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Ақпаратты электрондык  
нысанды қалыптастыру, өңдеу,  
сондай-ақ орталықтандырылған  
турде жинау және сақтау, оның  
ішінде түрғын үй қатынастары  
және түрғын үй - коммуналдық  
шаруашылық саласындағы  
акпараттандыру объектілерінің  
жұмыс істеу қағидаларына  
қосымша

**Жұмыс істеп түрған көппәтерлі түрғын үйлерді есепке алу қорытындылары бойынша  
түрғын үй қатынастары және түрғын үй- коммуналдық шаруашылық саласындағы  
электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинау мен сақтаудың  
ақпараттық жүйесіне (орталықтандырылған турде жинаудың АЖ-сы) қорытынды  
мәліметтерді толтыру үшін кестенің міндетті өрістерінің Тізбесі**

№ п/п	Өріс атавы	Сипаттама	Деректер түрі
1	2	3	4
1	Үйдің кадастрық номірі	Таңдау, енгізу және/ немесе өзгерту кадастрық номір үй.	Жол, 200 рәміздер
2	Жіктеуішінің коды	Мекенжай тіркелімінен әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішінің коды.	Жол, 500 рәміздер
3	Тіркеу коды	Үйдің мекен-жайын тіркеу коды	Жол, 16 таңба, жетекші нөлдер болады.
4	Нысаналы мақсаты (жоспар бойынша литер)	Үйдің нысаналы мақсатын (жоспар бойынша литерді) өзгерту мүмкіндігін ұсыну. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Нысаналы мақсат" анықтамалығының мәні: Көппәтерлі түрғын үйді (бұдан әрі – КПТ) салу және пайдалану үшін
5	Кор санаты	Кордың санатын өзгерту мүмкіндігін ұсыну. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Кор санаттары" анықтамалығының мәні: - Түрғын үй - Түрғын емес
6	Кондоминиумды тіркеудің болуы	Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеудің болуы туралы нұсқау.	Мәндер: Иә Жоқ
7	Техникалық паспорттың болуы	Үйдің техникалық паспортының болуы туралы нұсқау.	Мәндер: Иә Жоқ
			"Баланстық тиістілік" анықтамалығының мәні: - Жеке (кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі болған кезде)

8	Баланстық тиістілік	Баланстық тиістілікті өзгерту мүмкіндігін беру. Анықтамалықтан мәнді таңдау .	- - Жеке (барлық пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар жалғыз меншік иесіне тиесілі) - Мемлекеттік (мемлекеттік кәсіпорындар); - Мемлекеттік (мемлекеттік мекемелер)
9	Лифтілер саны	КПТ-да лифттердің болуы туралы нұсқау.	Бұтін теріс емес сан немесе жок кезде нөл
10	Электр қуатының болуы	КПТ-да электр қосылымының болуы туралы нұсқау.	Мәндер: Иә Жоқ
11	Салынған жылды	Үй салынған жылды өзгертуге мүмкіндік беру. Пайдалануға берілген жылдан өзгеше болған жағдайда.	Бұтін теріс емес сан, пайдалануға берілген жыл.
12	Күрделі жөндеу	Соңғы күрделі жөндеу жүргізу <күні.айы.жылды> өзгерту мүмкіндігін беру.	Күні <күні.айы.жылды>
13	Үйдегі үй-жайлардың жалпы саны	Мекенжай тіркелімінен үйдегі үй-жайлардың жалпы саны: -Тұрғын үй -Тұрғын емес Тұрақ орындары.	Бұтін теріс емес сан
14	Қабаттар саны	Үйдегі едендер санын өзгертуге мүмкіндік беру.	Бұтін теріс емес сан
15	Пәтерлер саны	Мекенжай тіркелімінен үйдегі "Пәтер" түріндегі үй-жайлардың саны.	Бұтін теріс емес сан
16	Тұрғын емес үй-жайлардың саны	Мекенжай тіркелімінен үйдегі "Тұрғын емес үй-жай" үлгісіндегі үй-жайлардың саны.	Бұтін теріс емес сан
17	Жылумен жабдықтау типі	Жылумен жабдықтау типін өзгертуге мүмкіндік беру. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Жылумен жабдықтау типі" анықтамалығының мәні: - орталық - автономды - жеке қондырғылар - жоқ
18	Жылумен жабдықтау түрі	Жылумен жабдықтау түрін өзгертуге мүмкіндік беру. Егер жылумен жабдықтау түрі	"Жылумен жабдықтау түрі" анықтамалығының мәні:

		орталық болса, онда анықтамалықтан мәнді таңдау.	- ашық - жабық
19	Газбен жабдықтау түрі	Газбен жабдықтау түрін өзгерту мүмкіндігін беру. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Газбен жабдықтау түрі" анықтамалығының мәні: - желілік (табиғи) - сұйытылған (газгольдер-резервуарлар) - сұйытылған (баллондар) - жоқ
20	Газ құбырының болуы	КПТ-да газ құбырының болуын өзгерту мүмкіндігін беру.	Мәндер: Иә Жоқ
21	Ыстық сумен жабдықтау түрі	Ыстық сумен жабдықтау түрін өзгертуге мүмкіндік беру. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Ыстық су түрі" анықтамалығының мағынасы: - орталық - автономды - жеке қондырғылар - жоқ
22	Сумен жабдықтау түрі	Сумен жабдықтау түрін өзгертуге мүмкіндік беру. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Сумен жабдықтау түрі" анықтамалығының мәні: - орталықтандырылған (желі немесе баған) - орталықтандырылмаған (ұнғымалар, құдықтар)
23	Су құбырының болуы	КПТ-да су құбырының болуын өзгерту мүмкіндігін беру.	Мәндер: Иә Жоқ
24	Су бұрудың түрі	Су бұрудың түрін өзгертуге мүмкіндік беру. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Су бұрудың түрі" анықтамалығының мәні: - орталықтандырылған - септик (шұнқыр) - сыртқы дәретхана
25	Кәріздің болуы	КПЖ-да кәріздің болуын өзгерту мүмкіндігін беру.	Мәндер: Иә Жоқ
26	Үйге ортақ есептегу аспаптарының саны	Үйдегі жалпы үйлік есепке алу аспаптарының санын өзгерту мүмкіндігін беру.	Бүтін теріс емес сан
27	Үйдегі жағдай	Үйдегі жағдайды өзгертуге мүмкіндік беру. Анықтамалықтан мәнді таңдау.	"Үйдегі жағдай" анықтамалығының мағынасы: - жұмыс істейді - жұмыс істейді (күрделі жөндеуді қажет етеді) - жұмыс істейді (жаңарту бағдарламасына енгізілген)

			<ul style="list-style-type: none"> <li>- жұмыс істемейді (иесіз, бос, инфракүрылымнан ажыратылған)</li> <li>- апатты деп танылды</li> </ul>
28	Үйдің шығу себебі	Үйдің шығу себебін өзгертуге мүмкіндік беру. Егер деректер өрісте болса, төлқүжат деректерін өзгерту функциясын пайдаланған кезде мән көрсетіледі.	Жол, 500 таңба
29	Кедергісіз ортандың болуы		<p>Мәндер:</p> <p>Иә</p> <p>Жок</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК